

"Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 113 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2007 жылғы 4 шілдедегі N 134 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2007 жылғы 21 шілдедегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4822 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 05 мамырдағы № 253 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.05.05 № 253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарын нақтылау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 113 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2948 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2006 жылғы 13 қыркүйектегі N 204 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбесі:

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Әуежайдың (авиакомпанияның) АҚК әкімшілік бөлімшесі:

- 1) әкімшілік бөлімшесінің бастығы;
- 2) әкімшілік бөлімшесінің бас маманы (маманы);
- 3) әкімшілік бөлімшесінің аға инспекторы (инспекторы)."

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК